

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы

«І. Жансүгір» университетінің ректоры – Ректор

«І. Жансүгір» университетіндегі Жетісу

университетінің ректоры – Е. Бурибаев

профессор



Е. Бурибаев

2026 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D04105 Мемлекеттік және жергілікті
басқару

Білім беру бағдарламалар тобы: D071 Мемлекеттік және жергілікті
басқару

Талдықорған, 2026

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде 8D04105 – Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды және «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары бекітілген.

8D04105 – Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханы күнтізбелік жылдың 4-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторантураға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Қабылдау емтиханын тапсыру күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы әңгімелесу, эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте Философия докторлары (PhD), әңгімелесудің үлес салмағы 30 баллды, эссенің үлес салмағы 20 баллды, Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары жауабы үлес салмағы 50 баллды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. 8D04105 – Мемлекеттік және жергілікті басқару, білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті балл 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D04105 – Мемлекеттік және жергілікті басқару бағыты бойынша D071 - Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламалары тобы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;

- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы (PhD) ғылыми атағын алу үшін 8D04105 Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. 8D04105 Мемлекеттік және жергілікті басқару (PhD) білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

8D04105 Мемлекеттік және жергілікті басқару (PhD) білім беру бағдарламалары бойынша докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім алу бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білуі қажет:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппаратында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің түрлі құрылымдық бөлімшелерінде, экономика және қаржыны басқару органдарында (министрліктер, ведомстволар мен ведомстволар) жұмыс істеу үшін теориялық білім мен басқару дағдыларын;

- мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару саласында ғылыми зерттеулер шекарасын кеңейту және әмбебап мәселелерді шеше білу;

- мемлекеттік және жергілікті басқару тиімділігін арттыру мақсатында бағдарламалық қамсыздандыру мен ақпараттық жүйелерді қолдануды;

- мәслихаттар мен әкімдіктердің қызметін ұйымдастыруды, өзін-өзі басқару процесін зерттеу және зерттеу;

- экономика, бизнес және басқару салаларындағы заманауи тенденциялар мен даму бағыттарын;

- ішкі және әлемдік экономиканың даму заңдылықтары.

Меңгеруі тиіс:

- облыстардың, қалалардың және қалалардағы аудандардың экономикалық және әлеуметтік дамуының кешенді жоспарларын әзірлеуге қатысу;

- ұлттық шаруашылық экономикалық проблемаларды үйлестіру және экономиканың тиімді тепе-теңдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- экономикалық жаһандану жағдайында жаңа білімді қалыптастыруға ықпал ететін заманауи ғылыми парадигмалар мен талаптарды пайдалану;

- қазіргі экономикалық мәселелерді зерттеуге қажетті теориялық және әдістемелік негізді қолдану.

Жасай алуы тиіс:

- мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыру жөніндегі, жұмыстарды ұйымдастыру процестерін;
- өндірістік және басқару іс-әрекетіндегі дағдыларын;
- мемлекеттік реттеу мен экономиканы жоспарлауда шетелдік тәжірибені қолданылуын;
- мемлекеттік, облыстық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінің ұйымдастырылуын;

Кәсіби құзыреттер бойынша:

- экономикалық процестер мен бәсекелестік ортаның дамуының жалпы тенденцияларын жан-жақты талдау;
- стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдай білу, сонымен қатар оларға жету жолдарын анықтау;
- мемлекеттің болашақ жағдайға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларын анықтау.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

4.1 Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

4.2 ЭССЕ бағалау критерийі

Критерии	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға,	6

Критерии	Дескрипторы	Балл
	жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

** А қосымшасында білім беру бағдарлама тобының эссе сұрақтары беріледі*

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат PhD докторантурасына түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

№	Критеріі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы,	6

	дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	
Ең жоғарғы балл		30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті таңдауыңызға негіз болды?
2. Сіздің білім беру және кәсіби даму жоспарларыңыз қандай? Бұл білім беру бағытын таңдауыңыздың басты себептері қандай?
3. Университет пен білім беру бағдарламасы алға қойған мақсаттарыңызға қол жеткізуге қалай ықпал етеді деп ойлайсыз?
4. Университет құрамына қабылданған жағдайда, оқу орнының дамуына қандай үлес қоса аласыз? Сіздің артықшылықтарыңыз бен мүмкіндіктеріңіз қандай?
5. Осы университетте білім алу сізге қандай жаңа мүмкіндіктер береді? Ғылыми және шығармашылық қабілеттеріңізді қалай дамытасыз?
6. Таңдаған мамандық бағыты бойынша тәжірибеңіз немесе дайындық деңгейіңіз қандай?
7. Білім беру бағытыңызды өзгертуге не түрткі болды? (жаңа мамандық таңдаған жағдайда)
8. Қандай қосымша білім беру курстарына немесе бағдарламаларына қатыстыңыз? Ол жерде меңгерген дағдыларыңызды қай салада қолдандыңыз?
9. Өзіңіз ерекше бағалайтын немесе мақтан ететін жетістіктеріңіз туралы айтып беріңіз.
10. Сізге ұжымдық жұмыс әлде дербес жұмыс форматы жақынырақ па? Топтық жобаларда көбіне қандай міндет атқарасыз?
11. Қазіргі уақытта немен айналысасыз? Алдағы уақытта оқу үдерісінен бөлек қандай жоспарларыңыз бар? Болашақта өзіңізді қандай деңгейде елестетесіз?
12. Бұл мамандықты таңдауыңыздың негізгі себебі неде? Неліктен докторлық білім алуды маңызды деп санайсыз? Қай бағыттағы мамандармен немесе ғалымдармен бірлесіп жұмыс жасағыңыз келеді? Ғылым саласына қандай үлес қосуды көздейсіз? Сізді қандай зерттеу мәселелері қызықтырады?
13. Таңдаған кәсіби бағытыңыз бойынша мансаптық дамуды қалай жоспарлайсыз?
14. Егер жоспарлаған кәсіби салада жұмыс істеу мүмкіндігі болмаса, қандай балама шешім қабылдар едіңіз?
15. Болашақ зерттеу жұмысыңыздың тақырыбы қандай болмақ? Бұл тақырыпты таңдауыңыздың себебі неде?

16. Зерттеу жұмысыңыздың практикалық немесе ғылыми маңызы қандай болады деп ойлайсыз? Ол қандай нәтижелерге жеткізуі мүмкін? Сіздің ойыңызша, заманауи зерттеуші қандай қасиеттерге ие болуы қажет?

17. Университет ғылыми-зерттеу қызметіңізді дамытуға қалай қолдау көрсете алады деп есептейсіз? Сіздің зерттеу тақырыбыңыз университет үшін қандай маңызға ие болуы мүмкін?

18. Қазіргі қоғам дамуындағы интернеттің маңызы мен ықпалын қалай бағалайсыз?

19. Экономикалық зерттеулер жүргізуде қолданылатын қазіргі заманғы әдістер мен тәсілдер туралы не айта аласыз?

20. Бүгінгі нарықтық жағдайда бизнесті ұйымдастырудың қандай тиімді жолдарын ұсынар едіңіз?

6 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50балл

**Б қосымшасында білім беру бағдарлама тобының емтиханды қабылдауға арналған бейінді пәндер бойынша сұрақтар тізімі*

«Мемлекеттік басқарудың теориясы мен тәжірибесі» пәні

1.Мемлекеттік басқару теориясы. Мемлекеттік басқарудың теориялық аспектісі. Менеджмент және оның қоғамдағы ролі. Мемлекеттік басқарудың эволюциясы және басқару мектептері. Басқаруда ескерілетін табиғат пен қоғам заңдылықтары. Мемлекеттік басқарудың объективті қажеттілігі

2. Мемлекеттік басқарудың субъектісі мен объектісі. Мемлекеттік басқарудың әсері. Қоғамдық үдерістерді мемлекеттік басқарудың субъектілері мен объектілері.

3. Мемлекет пен қоғамның мемлекеттік басқару процесіндегі өзара әрекеті. Мемлекеттің түсінігі мен мәні. Мемлекеттік басқарудың нысандары. Мемлекеттік басқарудың функциялары.

4. Мемлекеттік басқарудың стильдері, әдістері және принциптері. Мемлекеттік басқарудың стильдері. Мемлекеттік басқарудың әдістері. Мемлекеттік басқарудың принциптері.

5. Мемлекеттік саясаттың түсінігі мен мәні. Мемлекеттік саясаттың анықтамасы. Мемлекеттік саясаттың идеологиялық аспектілері. Мемлекеттік саясаттың модельдері. Мемлекет пен мемлекеттік саясаттың механизмі.

6. Мемлекеттік басқару процесінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру. Мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру кезеңдері. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмі. Мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын басқару органдары.

7. Мемлекеттік шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру. Мемлекеттік шешімдердің түрлері мен нысандары. Басқарушылық шешімдерді әзірлеудің әдіснамалық негіздері. Мемлекеттік басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру технологиялары. Мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіндегі аналитика. Мемлекеттік басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау.

8. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын құру. Мемлекеттік органдарды жіктеудің негіздері. Мемлекеттік органды құру тәртібі. Мемлекеттік органның өкілеттіктері.

9. Мемлекеттік басқарудың аумақтық ұйымдастырылуы. Қазақстан Республикасындағы өңірлік басқарудың ерекшеліктері. Жергілікті басқару органдарының ұйымдастырылуы мен өкілеттіктері. Мемлекеттік және өңірлік басқару органдарының өзара әрекеті.

10. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі билік. Мемлекеттік биліктің түсінігі, жүйенің біртұтастығы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының түрлері. Қазақстан Республикасының Президентінің конституциялық мәртебесі. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі заң шығарушы билік пен оның органдарының рөлі. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі атқарушы билік. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сот билігі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Кнорринг В.И. Система государственного управления: Учебник. -3 изд. доп. М.: изд-во «Экзамен», 2001. - 477 с.

2. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. – М.: Омега-Л, 2010. – 528 с.

3. Осейчук В.И. Теория государственного управления: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. – Тюмень: Тюменский государственный университет, 2018. – 343 с.

4. Зеркин Д.П., Игнатов В.Г. Основы теории государственного управления. – М.:МарТ, 2011. – 544 с.

5. Сансызбаева Г.Н. Теория государственного управления. – Алматы: Қазақ университеті. – 2015. – 318 с.

6. Афанасьев В.Г. Научное управление обществом: Опыт системного исследования: 3 тома. – М.: Политиздат, 1968.
7. Конституция Республики Казахстан: Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями).
8. Мескон Майкл, Альберт Майкл, Хефури Франклин. Основы менеджмента. – М.: Дело, 2017.
9. Хропанюк В.Н. Теория государства и права. – М.: Интерстиль, 1997. – 377 с.
10. Глазунова Н.И. Система государственного управления. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 445 с.

«Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару» пәні

1. Жергілікті өзін-өзі басқарудың мәні. Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару ұғымы. Жергілікті өзін-өзі басқару – қоғамдық өмір тұрақтылығының факторы ретінде.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. Жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері.

3. Реформа жағдайындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы мен азаматтық қоғамның дамуының ерекшеліктері. Әкім. Әкім аппараты. Әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасы

4. Әлеуметтік инфрақұрылым. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасы. Жергілікті атқарушы орган (әкімдік)

5. Жергілікті қоғамдастық. Жергілікті қоғамдастық жиналысы.

Жергілікті қоғамдастық жиыны. Жергілікті маңызы бар мәселелер. Жергілікті мемлекеттік басқару.

6. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган. Жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңесі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Жергілікті өкілді орган (мәслихат).

7. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру негіздері. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізі.

8. Мәслихаттар, әкімдер мен әкімдіктер үшін белгіленетін негізгі талаптар мен шектеулер. Мәслихаттарды құру тәртібі. Мәслихаттардың құзыреті. Мәслихаттың актілері. Мәслихат жұмысын ұйымдастыру. Мәслихат регламенті

9. Мәслихат сессиясын шақыру тәртібі. Мәслихат сессиясын өткізу тәртібі. Мәслихаттың тұрақты комиссияларын ұйымдастыру және олардың қызметі. Мәслихаттың тұрақты комиссияларындағы көпшіліктік тыңдаулар. Мәслихат тұрақты комиссияларының қызметі мен өкілеттігі.

10. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары жұмысының және қаулылар қабылдауының тәртібі. Мәслихаттың тексеру комиссиясы.

Мәслихаттың уақытша комиссиялары. Мәслихат сессиясының төрағасы. Мәслихаттың төрағасы. Мәслихат депутаты. Мәслихат депутатының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезіндегі құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңы
2. Авакьян, С. А. Местное самоуправление в Российской Федерации: концепции и решения нового закона / С. А. Авакьян // Вестник МГУ. Серия 11. Право. – 1996. – № 2.
3. Авакьян, С. А. Территориальное сообщество: проблемы правового статуса / С. А. Авакьян // Местное самоуправление: проблемы и решения: материалы Международного симпозиума. – М., 1996.
4. Алексеев, Ю. П. Основы местного самоуправления / Ю. П. Алексеев. – М., 1997.
5. Андреев, С. С. Управление и самоуправление: природа соотношения / С. С. Андреев // Самоуправление. – 1995. – № 1.
6. Барабашев, Г. В. Идеалы самоуправления и российская действительность / Г. В. Барабашев // Государство и право. – 1996. – № 11.
7. Барабашев, Г. В. Местное самоуправление / Г. В. Барабашев. – М., 1996.
8. Барабашев, Г. В. О хартиях местного самоуправления в США / Г. В. Барабашев // Государство и право. – 1994. – № 5.
9. Баранов, В. А. Муниципальные органы Великобритании: учебное пособие / В. А. Баранов. – М.: Всесоюзный юридический заочный институт, 1990.
10. Бахрах, Д. М. Административное право / Д. М. Бахрах. – М., 1996.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі және басқару» пәні

1. «Мемлекеттік басқару» курсының нысаны, пәні және әдістері. Мемлекеттік басқарудың мәні мен ерекшелігі. Мемлекеттік басқарудың принциптері, функциялары, әдістері мен технологиялары. Мемлекеттік билік органдарын кадрлық қамтамасыз ету. Мемлекеттік басқарудың тиімділік көрсеткіштері. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеу, ұйымдастыру және реформалау тетіктері, соның ішінде дамыған елдердегі тәжірибе.

2. Мемлекеттік басқару жүйесінің жалпы сипаттамасы. Мемлекеттік басқару – саяси биліктің негізін құрайтын жүйе ретінде. Мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттері. Басқару түрлері. Мемлекеттік басқарудың

ерекшелігі. Мемлекеттік басқару функциялары мен олардың түрлерін айқындау негіздері.

3.Қоғамдық билік пен мемлекеттік басқарудың пайда болуы және табиғаты. Қоғамдық билік. Саяси билік. Билік ұғымына қатысты негізгі ғылыми көзқарастар. Қазіргі қоғамдық биліктің дамуы. Қоғам мен мемлекеттік басқару.

4.Мемлекеттік басқарудың сипатын айқындайтын объективті жағдайлар. Мемлекет аумағы. Нысан. Адам мен табиғат арасындағы өзара әрекет ету формалары. Экономикалық факторлар. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Мемлекеттік басқарудың субъективті факторы, оның құрылымы мен сапалық сипаттамалары.

5.Қоғамды басқару – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ретінде. Мемлекет мәні. Мемлекеттік басқару жүйесі. Мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері. Мемлекет функцияларының жалпы сипаттамасы. Мемлекет функциялары.

6.Мемлекеттік басқару жүйесі: ұғымы мен құрылымы. Тұтастық. Мақсатқа сәйкестік. Иерархиялық құрылым. Эмердженттілік (жаңа қасиеттердің пайда болуы). Өзін-өзі қамтамасыз ету. Басқарушы қосалқы жүйе. Мемлекеттік басқару принциптері.

7.Мемлекеттік-басқарушылық қызмет, оның мәні мен ерекшеліктері. Нормативтік басқару. Мемлекеттік басқару қызметі. Басқару қызметінің түрлері. Құқықтық нысандар. Заң шығару. Ұйымдастырушылық-бұйрықтық қызмет құқықтық нысандарда.

8.Әлеуметтік саясатты бағалаудың заманауи тәсілдері. Классикалық тәсіл («критерийлер ағашы» қағидаты). Интегралдық тәсіл. Экономикалық тәсіл. Әлеуметтік тәсіл. Әлеуметтік-саяси тәсіл. Әлеуметтік саясат. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі құрамдас бөліктері мен әлеуметтік көмек түрлері.

9.Әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасы мен институттарын қалыптастыру. Әлеуметтік мемлекеттің ұлттық үлгілерін типологиялау. Декоммодификация. Резидуалдылық. Либералды үлгі. Консервативті үлгі. Социал-демократиялық үлгі.

10.Мемлекет пен экономиканың өзара қарым-қатынасының жалпы сипаттамасы. Бәсекелестікті шектеуге қарсы реттеу. Макроэкономикалық тұрақтандыру. Ресурстарды орналастыру. Табыс бөлінісін қайта қарау. Мемлекет пен бизнес арасындағы жаңа үрдістер. Әкімшілік құралдар. Экономикалық құралдар.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

- 1.Кнорринг В.И. Система государственного управления: Учебник. -3 изд. доп. М.: изд-во «Экзамен», 2001. - 477 с.
- 2.Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. – М.: Омега-Л, 2010. – 528 с.
- 3.Осейчук В.И. Теория государственного управления: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. – Тюмень: Тюменский государственный университет, 2018. – 343 с.
- 4.Зеркин Д.П., Игнатов В.Г. Основы теории государственного управления. – М.:МарТ, 2011. – 544 с.
- 5.Сансызбаева Г.Н. Теория государственного управления. – Алматы: Қазақ университеті. – 2015. – 318 с.
- 6.Афанасьев В.Г. Научное управление обществом: Опыт системного исследования: 3 тома. – М.: Политиздат, 1968.
- 7.Конституция Республики Казахстан: Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями).
- 8.Мескон Майкл, Альберт Майкл, Хефури Франклин. Основы менеджмента. – М.: Дело, 2017.
- 9.Хропанюк В.Н. Теория государства и права. – М.: Интерстиль, 1997. – 377 с.
- 10.Глазунова Н.И. Система государственного управления. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 445 с.
11. Васильев, А.А. Муниципальное управление и местное самоуправление / А.А. Васильев. – М. : Инфра-М, 2019. – 256 с.
- 12.Захаров Н.И. Государственное и муниципальное управление : Учебник / Н.И. Захаров В.Д. Попов, В.А. Есин, Ю.Ю. Шитова. – М. : Инфра-М, 2016. – 158 с.

Мемлекеттік басқару

және менеджмент

кафедрасының меңгерушісі

Н. Сыздыкбаева

ББ жобалық

офисінің жетекшісі

Б. Рысдаулетова

Қабылдау комиссиясының

жауапты хатшысы

Ә. Мейрамбек

Академиялық мәселелер жөніндегі

департамент директоры

Г. Кыдырбаева.

Басқарма мүшесі – академиялық

мәселелер жөніндегі проректор

Б. Таубаев